ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

СӘДУОВ МАХАНБЕТ ЕРАЛЫҰЛЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау бойынша құқық қорғау органдарының қызметіне цифрлық технологияларды енгізу

7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» (бейінді бағыт) білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға жоба

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының
аға оқытушысы
М.Б. Садыков,
философия докторы (PhD),
әділет кеңесшісі
_____

Қосшы қ., 2026 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік жоба тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауда құқық қорғау органдарына цифрлық технологияларды енгізудің қолданбалы моделін негіздейді. Жобаның мақсаты – 102, qamqor.gov.kz, SOS және 111 арналары арқылы түсетін хабарламаларды бірыңғай маршрутқа біріктіру; бұл маршрут қауіпті бағалаудан бастап қорғау шараларын қолдану, ведомствоаралық сүйемелдеу және кейінгі бақылауды қамтиды. Ғылыми жаңалығы цифрлық құралдарды бөлек-бөлек сервистер жиынтығы ретінде емес, біртұтас цифрлық-құқықтық сүйемелдеу жүйесі ретінде қарастыруда. Жоба нәтижесінде тиісті алгоритм әзірленіп, практикаға енгізілді.

РЕЗЮМЕ

Магистерский проект обосновывает прикладную модель внедрения цифровых технологий в деятельность правоохранительных органов по защите жертв бытового насилия. Его цель – объединить сообщения, поступающие по каналам 102, qamqor.gov.kz, SOS и 111, в единый маршрут, охватывающий оценку риска, применение мер защиты, межведомственное сопровождение и последующий контроль. Научная новизна состоит в том, что цифровые средства рассматриваются не как набор разрозненных сервисов, а как целостная система цифрово-правового сопровождения. По результатам проекта разработан и внедрён в практику соответствующий алгоритм.

SUMMARY

The master's project develops an applied model for integrating digital technologies into the work of law enforcement agencies protecting victims of domestic violence. Its aim is to consolidate reports received through the 102, qamqor.gov.kz, SOS and 111 channels into a single workflow that covers risk assessment, protective measures, interagency case management and subsequent monitoring. The novelty lies in treating digital tools not as a set of standalone services but as an integrated system of digital-legal support. As a result, an algorithm based on this approach has been developed and adopted in practice.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР
КІРІСПЕ

1 ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарды қорғаудың қазіргі құқықтық негіздері 9
1.2 Құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қою тәртібі және негізгі проблемалар 14
1.3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудағы цифрлық-құқықтық сүйемелдеу тәсілі 17

2 ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУҒА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

2.1 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын қорғаудың цифрлық-құқықтық маршруты 20
2.2 Құқық қорғау органдарының цифрлық сүйемелдеу алгоритмі және дербес деректерді қорғау шарттары 23

ҚОРЫТЫНДЫ 29

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ 30

ҚОСЫМША 1 34
ҚОСЫМША 2 36
ҚОСЫМША 3 42

АНЫҚТАМАЛАР

Осы жобада сәйкесінше анықтамалары бар келесі терминдер қолданылған:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын күш қолдану, психологиялық қысым, қорқыту немесе экономикалық шектеу сипатындағы әрекеттер.

2. Цифрлық-құқықтық сүйемелдеу – жәбірленушіні қорғау процесін цифрлық арналармен және құқықтық міндеттермен бірізді қызметтік тәртіпке келтіру тәсілі.

3. Цифрлық қауіпсіздік маршруты – жәбірленушінің алғашқы хабарласуынан бастап қорғау шараларының орындалуын бақылауға дейінгі кезеңдердің бірізді тізбегі.

4. Оқиға карточкасы – бір оқиғаға қатысты қажетті минимум деректерді қамтитын қызметтік жазба (уақыты, орны, қатысушылар, қауіп деңгейі, қабылданған шешім, жауапты тұлға).

5. Қайталама зорлық-зомбылық тәуекелі – зорлық-зомбылықтың қайта қайталану ықтималдығын көрсететін қауіп деңгейі.

6. Тәуекелді бағалау – қысқа индикаторлар негізінде қауіп деңгейін белгілеу және соған сай қорғау әрекетін таңдау процесі.

7. «Қажетті минимум» қағидасы – дербес деректерді көру және беру көлемі тек нақты қызметтік міндетті орындауға жеткілікті деңгейде шектелетін тәртіп.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ІІО – ішкі істер органдары
ҚІЖК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ӘҚБтК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
АЖ – ақпараттық жүйе
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ДД – дербес деректер
GPS – Global Positioning System (геолокацияны анықтау жүйесі)
SOS – жедел көмек шақыру сигналы
102 – полицияға жедел хабарлау нөмірі
111 – отбасы, әйелдер және балалар құқықтарын қорғау бойынша байланыс орталығы
Qamqor.gov.kz – онлайн өтініш беру порталы
Police 102 – полицияның мобильді қосымшасы (SOS мүмкіндігі бар)
ДО – дағдарыс орталығы
ЦҚМ – цифрлық қауіпсіздік маршруты
ОҚ – оқиға карточкасы

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудағы құқық қорғау органдарының жұмысын бір реттік ден қою деңгейінде бағалау жеткіліксіз: оқиғадан кейін құрбанның қауіпсіз орынға шығарылғаны, келесі шабуыл қаупінің төмендегені және тағайындалған қорғау шарасының орындалуы тұрақты бақылауды талап етеді. Бұл орайда мемлекет екі бағытта қатар әрекет етуге міндетті: құрбанды қорғау және оның жеке өмірі мен дербес деректерін сақтау [1], [2].

Қазақстанда жүгіну арналары цифрландырылған: жедел хабарлама үшін 102 нөмірі жұмыс істейді, онлайн өтініштер qamqor.gov.kz порталы арқылы қабылданады, 111 байланыс орталығы кеңес беру және бағыттау функциясын атқарады, ал Police 102 қосымшасындағы SOS механизмі үнсіз сигнал жіберуге мүмкіндік береді [3], [4], [5]. Алайда бір ғана оқиға бірнеше арнада із қалдырып, бұл іздер бір карточкаға біріктірілмеген жағдайда жауапкершілік шашырайды, бақылау тізбегі үзіліп, қайталанған шақырту жүйеге жаңа оқиға ретінде тіркеледі.

Сол себепті цифрлық технологияларды жекелеген сервистердің жиынтығы ретінде емес, тіркеу сатысынан бақылауға дейінгі үздіксіз қызметтік тәртіптің құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыру қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты қоса алғанда бірқатар ауыр қылмыстар үшін жазаны күшейту қажеттігі көрсетіліп, тиісті міндет Парламент пен Үкіметке жүктелген [6]. 2026 жылғы 20 сәуірде өткен ведомствоаралық комиссия отырысында «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңның 2026 жылғы 2 наурыздан күшіне енгені, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жоспары мен агрессорларға психологиялық көмек ережелерінің бекітілгені тіркелді [7]. Осы заңнамалық контексте цифрлық енгізуді хабарлама қабылдау деңгейінде ұстап қалу мәселенің ауқымына сай емес; оны тәуекелді басқару мен бақылау контурына дейін кеңейту қажет болып отыр.

ҚР ІІМ деректері бойынша соңғы кезеңде тұрмыстық зорлық-зомбылық 20 пайызға, кісі өлтіру 26 пайызға қысқарған, орташа және ауыр қылмыстардың төмендеуі 20-дан 50 пайызға дейінгі диапазонда болған [8]. Мамандар бұл нәтижені заңнамалық өзгерістер мен профилактикалық жұмыстың күшеюімен байланыстырады [9].

Ресми статистикамен қатар қоғамдық қабылдау көрсеткіштерін де ескеру қажет. 2025 жылғы қарашада таныстырылған ұлттық баяндамада 742 факт тіркелгені айтылған [9], алайда сол баяндама шеңберіндегі сауалнама бойынша халықтың 80 пайыздан астамы қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың орын алып отырғанын мойындайды, ал әрбір төртінші респондент отбасылық жанжалдың куәсі болғанын көрсетеді [9]. Бұл алшақтық тіркелген оқиғалар санының мәселенің нақты ауқымын толық бейнелемейтінін, оның елеулі үлесі латентті күйде сақталып отырғанын білдіреді.

Аталған жағдайда тіркеу арналарынан түскен ақпарат бірыңғай кейс шеңберінде шоғырландырылмаса, қорғау шараларының тізбектілігі бұзылады.

Осы олқылық цифрлық сүйемелдеу мәселесінің практикалық өзектілігін айқындайды.

Шешілетін практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлама қабылдаудың инфрақұрылымдық базасы Қазақстанда жеткілікті деңгейде қалыптасқан. 102 нөмірі жедел хабарлама үшін, qamqor.gov.kz порталы онлайн өтініш үшін, 111 байланыс орталығы кеңес беру мен бағыттау үшін жұмыс істейді; Police 102 қосымшасының SOS тетігі үнсіз сигнал жіберуге мүмкіндік береді [3], [4], [5]. Өтінішті қабылдаудан бас тарту заңмен тыйым салынған, ал тіркеу сатысы нормативтік кепілдікпен қамтамасыз етілген.

Алайда практикалық қиындық осы кезеңнен кейін басталады. Әртүрлі арна арқылы тіркелген ақпарат бір карточкаға шоғырландырылмаса, кейс бірнеше бөлімше арасында бөлініп, тұтас бақылау тізбегі қалыптаспайды. Бұл – бірінші олқылық. Екіншісі жедел ден қоюдан кейінгі сатыға қатысты: тәуекелді бастапқы бағалау, құрбанды қолдау инфрақұрылымына бағыттау мен қайта байланыс арқылы кейстің жабылуын қадағалау рәсімдері әрдайым бірізді жалғаспайды. Осы тізбек толық сақталмаған жағдайда қорғау шаралары іс жүзінде формальды сипатқа ие болады.

Дағдарыс орталықтарының желісі бұл мәселені өздігінен шешпейді; олардың құрбанды сүйемелдеу тізбегіндегі орны мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл тәртібі нақты регламенттелуі тиіс [10]. Сонымен қатар 111-ге келген қоңыраудың жазбасы, SOS арқылы жіберілген геолокация секілді мәліметтер дербес деректер санатына жатады. Олардың сақталу мерзімі, өңделу тәртібі және қолжетімділік деңгейі «қажетті минимум» қағидасына сәйкес айқындалуға тиіс – әйтпесе цифрлық сүйемелдеу жүйесінің өзі құрбан үшін қосымша осалдық көзіне айналу қаупі бар [2], [11].

Зерттеу мақсаты. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету жүйесін цифрлық-құқықтық сүйемелдеудің қолданбалы моделін әзірлеу. Ұсынылып отырған модель құрбанды сүйемелдеу маршрутының барлық кезеңдерін бір қызметтік алгоритмге біріктіреді.

Зерттеу міндеттері:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың қолданыстағы құқықтық негіздерін жүйелеу және осы салада цифрлық технологияларды қолданудың құқықтық шектерін айқындау.

2. Құқық қорғау органдарының ден қою тәртібінде орын алып отырған ұйымдастырушылық үзілістерді ашып көрсету, сонымен бірге оларды жоюға бағытталған «цифрлық-құқықтық сүйемелдеу» тәсілінің теориялық негіздемесін жасау.

3. Сигналды қабылдаудан қайта байланыс кезеңіне дейінгі алты сатыны бірыңғай цифрлық қауіпсіздік маршрутына біріктіру. Маршруттың әр сатысы бойынша жауапты субъект, орындау мерзімі мен деректермен жұмыс істеу режимі бекітілуге тиіс.

4. Цифрлық технологияларды енгізудің қолданбалы алгоритмін ұсыну; ведомствоаралық өзара іс-қимыл «қажетті минимум» қағидасы аясында реттелуге тиіс.

Зерттеу объектісі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау саласындағы құқық қорғау органдарының қызметі.

Зерттеу тақырыбы. Аталған қызметке цифрлық технологияларды енгізудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктері, атап айтқанда құрбанды сүйемелдеу маршрутын бірізді қызметтік тәртіпке айналдыру (сигналды қабылдаудан қайта байланыс сатысына дейін) және осы процестегі деректер айналымының құқықтық режимі.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Жобада үш әдіс үйлестіріле қолданылды. Формальды-құқықтық талдау арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы қолданыстағы нормативтік база зерделенді. Жүйелік талдау құқық қорғау органдарының ден қою тәртібіндегі ішкі байланыстарды ашуға, олардағы үзілістерді анықтауға мүмкіндік берді. Қолданбалы модельдеу практикалық бөлімнің негізгі құралы ретінде пайдаланылды.

Әдіснамалық тұрғыдан жұмыс құқықтық нормаларды ведомствоаралық өзара іс-қимылмен тығыз байланыста, біртұтас қызметтік процестің құрамдас кезеңдері ретінде зерделеуге негізделген.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Жобада Қазақстан Республикасында қолданыстағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының жүгіну арналарын біріктіретін цифрлық қауіпсіздік маршруты ұсынылды. Маршрут жұмыс істеп тұрған арналардың архитектурасын сақтай отырып, оларды бір алгоритм аясында үйлестіреді. Осындай тәсіл тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қою тәртібін қосымша сервистер құрмай жетілдіруге мүмкіндік береді.

Практикалық ұсынымдар:

1. «Цифрлық қауіпсіздік маршрутының» моделі әзірленді (қосымша 1). Ол хабарламаны қабылдаудан бастап қорғау шарасының орындалуын тексеруге дейінгі кезеңдерді бір жүйеге біріктіреді.

2. Аталған маршрутты тәжірибеге енгізу үшін тиісті алгоритм дайындалды (қосымша 2). Бұл құжатта маршруттың әр кезеңіндегі рәсімдік тәртіп регламенттелген: ол жауапты субъектінің құзыретін, орындау мерзімдерін және «қажетті минимум» қағидасы бойынша деректер айналымының шарттарын қамтиды. Алгоритм Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті қызметіне енгізілді (қосымша 3).

Апробация және нәтижелерді енгізу. Зерттеу нәтижелері ғылыми және практикалық деңгейде апробациядан өтті. Тақырып бойынша ғылыми мақала отбасылық зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және алдын алуда ақпараттық технологиялардың рөліне арналды. Әзірленген алгоритм Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің практикалық қызметіне енгізілді.

1 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері

1.1 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарды қорғаудың қазіргі құқықтық негіздері


Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың құқықтық жағдайын зерделеу кешенді тәсілді талап етеді: мемлекеттің жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері мен жәбірленушіге қатысты деректерді қорғау режимі бір зерттеу аясында қарастырылуға тиіс. Бұл саладағы конституциялық негізді 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабының 1-тармағы құрайды: «Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі» [12].

Осы конституциялық норма қорғау тетіктерін цифрландырудың құқықтық шектерін айқындайды. Жәбірленушіні қорғау процесін IT-сервистер мен платформалар деңгейіне ғана теңестіруге болмайды; ол адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылықты сақтайтын қызметтік тәртіпті де қамтиды.

Қорғау тетігі іс жүзінде жәбірленушінің ішкі істер органдарына жүгінуінен басталады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми gov.kz сайтындағы нұсқаулыққа сәйкес жәбірленуші 102 нөмірі немесе qamqor.gov.kz онлайн платформасы арқылы полицияға өтініш бере алады [13]. Осы алғашқы қадамның құқықтық режимі кейінгі барлық рәсімдерді алдын ала айқындайды.

Қолданыстағы заңнама өтінішті қабылдау міндетін біржақты бекіткен. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 64-бабының 1-тармағы жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салады [14]. Қылмыстық-процестік кодекстің 185-бабының 1-бөлігі қылмыстық қудалау органы үшін кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды немесе хабарды қабылдау және тіркеу міндетін бекітіп, арыз иесіне тіркеу фактісін растайтын құжат берілуін көздейді [15]. Аталған нормативтік талап ведомстволық деңгейде де нақтыланған [13].

Жүгіну арналарының көптігі жәбірленуші үшін қолжетімділікті арттырғанымен, құқық қорғау тұрғысынан оқиғаларды бірыңғай кейс шеңберінде өңдеу қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттіліктің мазмұны өтінішті тіркеу сатысынан әлдеқайда кең: ол кейіннен тағайындалатын қорғау шараларын, оның ішінде медициналық, психологиялық және әлеуметтік қолдауды, біртұтас іс жүргізу аясында үйлестіруді көздейді. Тиісті алгоритм 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 – Жәбірленушіні қорғау бойынша әрекеттер тізбегі

1-суретте келтірілген әрекеттер жекелеген эпизодтар жиынтығы ретінде емес, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын қорғау шараларынан тұратын біртұтас құқықтық жағдай ретінде бағалануға тиіс. Бұл тұтастықтан оқиғаларды бірыңғай кейсте шоғырландырудың практикалық мәні туындайды.

Жәбірленушінің мүддесін қорғау полиция қызметімен ғана шектелмейді. Жарияланған деректерге сәйкес Қазақстанда 74 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, олардың 22-сі мемлекеттік меншікке жатады. Бұл орталықтар белгіленген стандарт бойынша зәбір көргендерге құқықтық және психологиялық көмек, сондай-ақ өзге де қажетті қолдау түрлерін көрсетеді [16]. Осындай инфрақұрылымның болуы полицияға оқиғаны тіркеу сәтінен бастап жәбірленушіні құқық қорғау саласынан тыс жатқан әлеуметтік-психологиялық сервистермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Жедел ден қою сатысында цифрлық құралдардың рөлі айқын. Police 102 қосымшасының «SOS» батырмасы операторға жәбірленушінің геолокациясын беріп, автопатрульді автоматты түрде жіберуге мүмкіндік жасайды [17]. Бұл тетік жәбірленушінің дауыстап өтініш білдіруге қауіптенетін жағдайында да жұмыс істейді. Геолокация деректері дербес деректер санатына жатады, сондықтан оларды сақтау мерзімі мен қолжетімділік режимі тиісті құқықтық тәртіппен реттелуге тиіс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанатын сипатын ескере отырып, мемлекеттік саясат оған реакция шараларымен қатар профилактикалық бағытты да қамтиды. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2025 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және азаматтардың профилактикалық қызметінің кешенді негіздерін айқындайды; бұл негіздер құқықтық пен ұйымдастырушылық тетіктерден бастап экономикалық және әлеуметтік

шарттарға дейінгі бағыттарды қамтиды [1]. Заңның негізгі мақсаттары қатарына адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, құқық бұзушылыққа ықпал ететін себептерді анықтау және жою кіреді; 13-бабына сәйкес ішкі істер органдарына құқық бұзушылыққа бейім адамдарды есепке алу және оларға қатысты жеке профилактика шараларын қабылдау міндеті жүктелген [1]. 59-бапта профилактикалық есепке алу мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық тірегі ретінде айқындалған [1].

Осындай заңнамалық тәртіп оқиғаны бір реттік тіркеумен шектелуге жол бермейді. Полицияның оқиға орнына шығуы профилактикалық жұмыстың аяқталғанын білдірмейді; нақты нәтижеге қол жеткізу үшін кейінгі сүйемелдеудің рәсімдік параметрлері алдын ала айқындалуға тиіс.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII және № 73-VIII Заңдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңнамалық реформаны бастады [18], [19]. Заңдар күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң жарияланған ресми талдау зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет етудің жүйелі сипат ала бастағанын көрсетті [20]. Реформа аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына мамандандырылған қызметтер көрсететін отбасын қолдау орталықтарының желісі құрылды; бұл қорғау моделінің полиция шеңберінен тыс шығып, кеңірек әлеуметтік-құқықтық қолдау құрылымына айналып келе жатқанын білдіреді [21].

Сипатталған процестерді цифрландырудың құқықтық негізі ақпараттық жүйелерді қолданудың рұқсат етілген тәртібі мен осы жүйелерде өңделетін дербес деректерді қорғау талаптарына сүйенеді. Базалық акт ретінде «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ақпараттық жүйелерді пайдалану және ақпарат алмасу тәртібін, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарттарын белгілейді [22].

Дербес деректерді өңдеуге қойылатын құқықтық шектер тиісті заңнамада нақты белгіленген. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы екі қағидатты бекітеді: 8-тармаққа сәйкес деректерді жинау және өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға қол жеткізумен шектелуге тиіс, ал 9-тармаққа сәйкес мазмұны мен көлемі осы мақсаттарға қатысты артық болып табылатын дербес деректер өңделуге жатпайды [2].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында өңделетін ақпарат массиві ауқымды әрі әртектес: оған жәбірленушінің байланыс және тұрғылықты деректерінен (мекенжайы, телефон нөмірі, қоңырау жазбасы, геолокациясы) бастап отбасылық, медициналық және психологиялық сипаттағы мәліметтерге дейінгі кең спектр кіреді. Осындай жағдайда «қажетті минимум» қағидасы әр субъектінің өз функциясын орындау үшін шынымен талап етілетін деректер шеңберімен жұмыс істеуін көздейді.

Кесте 1 – Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын цифрлық сүйемелдеу кезінде «қажетті минимум» қағидасын қолдану үлгісі

Субъект	Қандай дерек қажет болуы мүмкін	Қандай мақсат үшін қажет	«Қажетті минимум» бойынша шектеу
Полиция қызметкері	Жәбірленушінің аты-жөні, мекенжайы, байланыс нөмірі, оқиға орны, құқық бұзушы туралы мәлімет, қауіп деңгейі	Оқиғаға жедел әрекет ету, арызды тіркеу, қорғау нұсқамасын шығару, қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Полицияға оқиғаны бағалауға және қорғау шараларын қолдануға қажет деректер ғана берілуі тиіс
Учаскелік инспектор	Қорғау нұсқамасы, құқық бұзушының мінез-құлқы, бұрынғы шақыртулар, қайта байланыс күні	Кейінгі бақылау, қайталану қаупін төмендету, профилактикалық жұмыс жүргізу	Учаскелік инспектор жәбірленушінің жеке өміріне қатысты артық мәліметтерді емес, бақылау жүргізуге қажет деректерді ғана көруі тиіс
Дағдарыс орталығы	Жәбірленушімен байланыс нөмірі, орналасқан жері немесе қауіпсіз жеткізу қажеттілігі, көмек түрі, балалардың бар-жоғы	Уақытша орналастыру, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету	Дағдарыс орталығына қылмыстық істің барлық материалдары емес, көмек көрсетуге қажет мәліметтер ғана берілуі керек
Психолог	Жәбірленушінің эмоционалдық жағдайы, қауіп сезімі, психологиялық көмекке қажеттілігі	Психологиялық қолдау көрсету, күйзеліс деңгейін төмендету	Психологқа құқық бұзушыға қатысты барлық құқықтық деректерді беру міндетті емес; тек кеңес беру үшін қажетті ақпарат жеткілікті

Кесте 1 жалғасы

Әлеуметтік қызметкер	Отбасылық жағдай, балалардың қажеттілігі, тұрмыстық жағдай, баспана немесе әлеуметтік көмек қажеттілігі	Әлеуметтік қолдау ұйымдастыру, балаларды қорғау, қажетті қызметтерге бағыттау	Әлеуметтік қызметкер тек әлеуметтік көмек көрсетуге қатысы бар деректермен шектелуі тиіс
Медицина қызметкері	Денсаулық жағдайы, жарақат сипаты, медициналық көмек қажеттілігі	Медициналық көмек көрсету, жарақатты тіркеу, қауіпсіздікке байланысты ұсыным беру	Медициналық деректер тек медициналық мақсатта қолданылуы тиіс және басқа субъектілерге толық көлемде берілмеуі керек
Білім беру ұйымы	Баланың қауіпсіздігіне қатысты жалпы ақпарат, ата-анамен байланыс, психологиялық қолдау қажеттілігі	Баланың қауіпсіздігін бақылау, мектеп ішіндегі қолдау шараларын ұйымдастыру	Білім беру ұйымына отбасыдағы оқиғаның толық құқықтық сипаттамасы емес, баланың қауіпсіздігіне әсер ететін ең қажетті мәліметтер ғана берілуі тиіс
Прокурор	Құқық қорғау органдары әрекеттерінің заңдылығы, қорғау шараларының қолданылуы, мерзімдердің сақталуы	Заңдылықты қадағалау, жәбірленушінің құқықтарының бұзылуына жол бермеу	Прокурорлық қолжетімділік нақты қадағалау мақсатына сай болуы керек, деректерді негізсіз кеңейтіп қарауға жол берілмеуі тиіс
Ақпараттық жүйе әкімшісі	Техникалық журналдар, қолжетімділік уақыты, пайдаланушы әрекеттері	Ақпараттық қауіпсіздік, қолжетімділікті бақылау, заңсыз кіруді анықтау	Әкімші мазмұндық деректерге емес, жүйенің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық деректерге ғана қол жеткізуі тиіс

«Қажетті минимум» қағидасы 1-кестеде көрсетілген субъектілердің әрқайсысы жәбірленуші туралы өзінің нақты қызметтік міндетін орындау үшін

талап етілетін деректер шеңберімен ғана жұмыс істеуін көздейді. Осындай тәсіл қорғау шараларының тиімділігіне нұқсан келтірмей, жеке өмірге қатысты мәліметтердің бақылаусыз таралу қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Бұл орайда Қазақстан Республикасында қолданысқа енгізілген «Отбасының цифрлық картасы» цифрлық платформасының рөлін нақтылау қажет [23]. Платформа әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтауға және қолдау шараларын проактивті ұсынуға арналған; осыған орай оны жекелеген оқиға бойынша жүргізілетін карточканың орнына пайдалану функционалдық тұрғыдан негізсіз. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты сигналдарды әлеуметтік қолдау жүйесімен байланыстыратын аналитикалық қабат ретінде платформа профилактикалық сүйемелдеуді нығайтуға мүмкіндік береді. Полиция тарапынан жүзеге асырылатын оперативтік әрекеттерді, яғни арызды тіркеуден қауіп деңгейін бағалауға дейінгі рәсімдерді, цифрлық платформа алмастырмайды.

1.2 Құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қою тәртібі және негізгі проблемалар

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қою тізбегі сырттай қарапайым көрінеді: хабарлама түседі, полиция әрекет етеді, тиісті процессуалдық шешім қабылданады. Іс жүзінде шешуші кезең осы оперативтік әрекеттерден кейін басталады. Жәбірленушінің одан кейінгі жағдайы тиісті бақылаусыз қалдырылса, бастапқы ден қоюдың құқықтық мәні күрт төмендейді: қайта шабуыл қаупі, қорғау шарасын орындау тәртібі, әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу қажеттілігі ашық қалпында сақталады.

Жәбірленушінің полицияға жүгінуіне кедергі келтіретін факторлардың бірі – өтінішті бергеннен кейінгі мемлекеттік қорғаудың тұрақтылығына сенімсіздік. Сондықтан құқық қорғау блогының жұмысы тіркеу сәтінен бастап жағдайдың тұрақтандырылуын қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы тиіс.

Бастапқы ақпарат ресми кіріс нүктелері арқылы келіп түседі: 102 телефоны, qamqor.gov.kz порталы және полиция бөлімшесіне жазбаша өтініш беру тәртібі. 102 нөмірі жедел қоңырау үшін, qamqor.gov.kz порталы бөлімшеге келмей-ақ электрондық өтініш жіберу үшін қолданылады; өтініштің жазбаша ізі екінші жағдайда автоматты түрде сақталады [3], [4]. Дәстүрлі жазбаша арыз цифрлық сүйемелдеу пәніне тікелей жатпайтындықтан, бұл жұмыста ол негізгі талдау нысаны ретінде қарастырылмайды. 1.1-кіші бөлімде келтірілген нормаларға сәйкес полицияның өтінішті қабылдаудан бас тартуы заңмен тыйым салынған [13], [14], [15]; ресми тіркеудің болмауы кейінгі қорғау рәсімдеріне жол бермейді.

Ден қою тізбегіне 111 байланыс орталығын да қосу қажет. Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша кешенді көмек көрсетуге арналған: ол тәулік бойы жұмыс істейді, құпиялық режимін сақтайды, өтініштерді қабылдайды және жергілікті полиция бөлімшелерімен тікелей өзара іс-қимылда болады [5]. Қызметтік тәртіптің маңызды элементі – қоңырау

авторына оның хабарламасы бойынша қабылданған шаралар туралы кері байланыс беру міндеті [5].

111 арнасының рөлі екі негіздемемен айқындалады. Біріншіден, ол өтінішті ресми қабылдау мүмкіндігіне ие. Екіншіден, азаматтардың бір бөлігі үшін бұл арна құқық қорғау органына тікелей жүгінуге қарағанда психологиялық тұрғыдан қолжетімдірек тәсіл ретінде қабылданады. Осы екі жағдай 111 байланыс орталығын кеңес беру нүктесі ретінде ғана емес, дербес деректерді сақтау мен берудің құқықтық режимі қолданылатын ресми ақпарат көзі ретінде айқындайды [5].



Сурет 1 – «SOS» сигналы бойынша шұғыл ден қоюдың қарапайым сызбасы

Жедел ден қоюдың цифрлық мүмкіндігі Police 102 қосымшасының «SOS» механизмі арқылы іске асырылады [17]. Тиісті бастапқы тізбек 1-суретте келтірілген. Батырма басылған сәтте оператор жәбірленушінің сәйкестендіру деректері мен геолокациясын алады, осы ақпарат негізінде оқиға орнына автопатруль жіберіледі [17]. Механизмнің іс жүзіндегі әсері хабардың жеделдетілген берілуінен және патрульдің оқиға орнына шығу уақытының қысқартылуынан көрінеді. Геолокация дербес деректер санатына жататындықтан, оны сақтау және оған қолжетімділік режимі тиісті құқықтық тәртіппен қамтамасыз етілуге тиіс [2], [11], [22].

Кіріс арналарының көптігі жәбірленуші үшін қолжетімділікті арттырғанымен, ұйымдастырушылық деңгейде қосымша мәселе тудырады. Әр арна өз дербес ізін қалдырады: 102 қоңырауы диспетчер жазбасын, qamqor.gov.kz платформасы электрондық өтінішті, 111 байланыс орталығы қоңырау жазбасы мен тіркеу мәліметін генерациялайды [3], [4], [5]. Бір оқиға бірнеше арнадан өткен жағдайда бұл жазбалар автоматты түрде «бір кейс» ретінде шоғырланбайды, нәтижесінде бір отбасылық жағдай жүйеде бірнеше тәуелсіз эпизод түрінде көрініс табады.

Көрсетілген тәуекелді нақтылау үшін гипотетикалық сценарий ұсынылады. Жәбірленуші Police 102 қосымшасының «SOS» батырмасын пайдаланып үнсіз сигнал жібереді; сонымен бір мезгілде көрші тұрғын дауыс

шуын естіп, 111 байланыс орталығына хабарлайды; оқиға орнына патруль шыққаннан кейін жәбірленуші qamqor.gov.kz порталы арқылы жазбаша өтініш қалыптастырады. Бір оқиға үш арнада үш дербес жазба қалыптастырады: геолокациялық сигнал, телефондық хабарлама және мәтіндік өтініш.

Бұл жазбалар біріктірілмеген жағдайда олар әртүрлі бөлімшелерде өзара байланыссыз қаралады және ресми мәртебесі бойынша алшақ статустарға айналады. Нәтижесінде қорғау шарасының орындалуын бақылау тізбегі үзіледі, ал қайталанған шақырту жүйеге бұрынғы кейстің жалғасы емес, тәуелсіз жаңа оқиға ретінде түсіп кетеді. Кіріс арналарының функционалдық арақатынасы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Кіріс арналары және олардың қызметтік мәні

Арна	Қандай дерек береді	Кім қабылдайды	Қызметтік мәні	Негізгі тәуекел/шек
102	ауызша хабарлама, мекенжай	кезекші бөлім	жедел әрекетке старт	дерек шашырауы, бақылау жоғалуы
qamqor.gov.kz	жазбаша өтініш, файл/мәтін	тіркеу контуры	«із» қалады, дәлдік жоғары	дербес деректер көлемі артуы
111	қоңырау, консультация, жазба	байланыс орталығы	бағыттау, қолдау, байланыс	қоңырау жазбасын қорғау
«SOS»	геолокация, сигнал	Police 102/оператор	уақыт пен орын дәлдігі	геолокацияны қорғау

Қарастырылған тізбектегі түйінді проблема арналардың саны емес, олардың арасындағы жалғаспаушылық. Алдыңғы талдау көрсеткендей, әртүрлі арналар бойынша жиналған деректер автоматты түрде ортақ кейске біріктірілмейді, нәтижесінде патрульдің жедел әрекетінен кейінгі сүйемелдеу сатысына көшу қамтамасыз етілмейді. Бастапқы кезеңнің өзінде маршруттың тұтастығы бұзылады.

Жинақталған дербес деректердің қауіпсіздік режимі де осал күйде қалады, өйткені оларды өңдеу мен сақтаудың бірыңғай тәртібі айқындалмаған. Бақылау функциясының жолға қойылмауы салдарынан қайта шақырту жүйеде бұрынғы кейстің жалғасы ретінде емес, тәуелсіз оқиға ретінде тіркеледі; бұл қайталану үрдісін статистикалық тұрғыдан жасырып, тәуекелді бағалаудың дұрыстығын төмендетеді.

Аталған олқылықтар жалпы алғанда қызметтік тәртіптің бытыраңқылығын білдіреді. Оларды жою қорғау процесінің барлық сатыларын – хабарламаны

тіркеуден бастап қорғау шарасының орындалуын тексеруге дейін – біртұтас регламент аясында үйлестіруді талап етеді. Тиісті ұйымдастырушылық шешімдер келесі бөлімшеде қарастырылады.

1.3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудағы цифрлық-құқықтық сүйемелдеу тәсілі

1.1-кіші бөлімнің материалдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеттің екі негізгі талабын айқындады: жәбірленушіні нақты қауіптен қорғау және оның жеке өміріне қатысты ақпаратты сақтау [1], [2]. 1.2-кіші бөлім бұл талаптардың тәжірибеде орындалуын жеткілікті кіріс арналарының болуы аясында, бірақ олардың арасындағы байланыс үзіктілігі жағдайында қарастырды. Көрсетілген ұйымдастырушылық алшақтыққа халықаралық тәжірибеде де назар аударылады: UNODC полицияға арналған нұсқаулығында жекелеген қызметтердің ішкі сапасы үйлестіру жетіспеген жағдайда нәтижеге айналмайтыны атап өтілген [24]. Қазақстандық жағдайда осы алшақтықты жоюдың тиімді тәсілі ретінде әртүрлі арналарды бір логикаға бағындыратын қызметтік тәртіп ұсынылады.

«Цифрлық-құқықтық сүйемелдеу» ұғымы осындай тәртіпті белгілейді. Ол цифрлық кіріс деректерін – қоңырауларды, өтініштерді, сигналдарды – заңмен бекітілген рәсімдік міндеттермен (тіркеу, тәуекелді бағалау, қорғау шарасын қабылдау, орындалуын бақылау) тікелей байланыстыратын қызметтік алгоритм ретінде анықталады [1], [13], [14], [15]. UN Women осындай тәсілді мемлекеттік жауап жүйесінің ажырамас компоненті ретінде қарастырады [25]. Демек, проблема технологияны енгізудің өзінде емес, оны заңдық міндетпен ұштастыруда.

102, 111, qamqor.gov.kz және Police 102 қосымшасы қазіргі уақытта өз функцияларын дербес атқарады [3], [4], [5], [17]. Жекелеген арналар деңгейінде олар маршруттың тек жекелеген элементтерін жабады, бірақ ешқайсысы оқиға тіркелген сәттен бастап оның қорғау шарасының орындалуы тексерілгенге дейінгі үздіксіз процессуалдық жолды қамтамасыз ете алмайды. UNODC нұсқаулықтары мен АҚШ-тың OVW тәжірибесі осындай үздіксіздіктің жоқтығын халықаралық деңгейде кездесетін жүйелі мәселе ретінде сипаттайды: үйлестірілмеген сервистер арасында жәбірленуші жүйенің әртүрлі есігі арқылы өтіп, толық қолдауға қол жеткізе алмауы мүмкін [24], [26].

Қаралатын тәсілдің орталық ұғымы – «цифрлық қауіпсіздік маршруты». Ол оқиғаны жүйеге кірген сәттен қорғау шарасының орындалуы тексерілгенге дейін сүйемелдейтін бірыңғай рәсімдік желі ретінде анықталады. Маршруттың мәні әр өтпелі нүктеде нақты жауапты субъект пен келесі қадамның алдын ала бекітілуінде. UNODC полиция қызметкерлеріне арналған оқу бағдарламасында дәл осындай маршруттық тәсіл базалық стандарт ретінде ұсынылған [27].

Маршруттың кіріс нүктесі ретінде Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін төрт арна қызмет етеді: 102 жедел желісі, 111 байланыс орталығы, qamqor.gov.kz порталы және Police 102 қосымшасының «SOS» батырмасы [3],

[4], [5], [17]. Маршрут логикасының түйінді талабы – әр арнадан түскен мәліметтердің бір ортақ кейске шоғырландырылуы. Ұлыбританияның Полиция колледжі алғашқы әрекет ету практикасында осы біріктіру қағидасын негізгі стандарттың бірі ретінде белгілейді [28]. EIGE-нің полицияға арналған нұсқаулығы маршруттың ішкі тізбегін сигнал қабылдаудан бастап қайта байланысқа дейінгі бірізді өту ретінде қалыптастыруды ұсынады [29].

Тіркеуден кейінгі сатыға тәуекелді алғашқы бағалау тетігі қосылады. Оператор немесе патруль қызметкері жәбірленушінің жағдайын стандартталған сұрақтар арқылы бағалап, тәуекел деңгейіне сәйкес келесі шараны тағайындайды; тәуекел шамасына қарай бұл қатаң қорғау шарасынан кеңес беру мен әлеуметтік сүйемелдеуге дейінгі диапазонда өзгеруі мүмкін. SafeLives ұйымы әзірлеген DASH тізімі мен EIGE-нің тәуекелді бағалау нұсқаулығы дәл осындай шкалаланған тәсілді бекітеді [29], [30]. Маршрут логикасында тәуекел бағасы дербес шара ретінде емес, келесі қадамды айқындайтын процессуалдық триггер функциясын атқарады.

Қорғау шарасының тағайындалуы маршруттың аяқталуын білдірмейді. Шараның орындалуы тексерілмеген жағдайда оның құқықтық мәні декларативті деңгейге дейін төмендейді. Ұлыбританияның 2021 жылғы Domestic Abuse Act бойынша статуттық нұсқаулығы осы себепті әр шара бойынша жауапты тұлға мен бақылау күнінің формальды бекітілуін талап етеді [31].

Қорғау процесіне әлеуметтік, психологиялық, заңдық сүйемелдеу және баспана сияқты қосалқы қызметтер кіреді; осы құрамдас бөліктердің қатысуы ақпарат қауіпсіздігіне қатысты қосымша талаптар тудырады. «Қажетті минимум» қағидасы әр субъектінің қызметтік міндетін орындау үшін шынымен талап етілетін ақпарат көлемімен ғана жұмыс істеуін көздейді [2], [11].

Осы қағиданың практикалық маңызын төмендегі гипотетикалық жағдай арқылы көрсетуге болады. Жәбірленуші тұрғылықты мекенжайын ауыстырып, Police 102 қосымшасы арқылы өтініш береді; өтініш мәтіні жаңа мекенжайды, туысының байланыс деректерін және баспанаға бағыттау қажеттілігін қамтиды. Бұл деректерге бірнеше субъект – учаскелік инспектор, әлеуметтік қызметкер, баспана әкімшілігі, психолог-кеңесші – белгілі бір мөлшерде қол жеткізуі мүмкін. «Қажетті минимум» қағидасы әр субъектінің қол жеткізетін ақпарат көлемін оның функционалдық қажеттілігімен шектейді: учаскелік инспектордың құзыретіне мекенжай мен қорғау шарасының мерзімі кірсе, психолог-кеңесшіге жәбірленушінің байланыс деректері мен жағдайының жалпы сипаттамасы ғана берілуге тиіс; мекенжайдың оның жұмысы үшін қажеттілігі жоқ.

Қол жеткізу режимінің бұзылуы тікелей тәуекел көзіне айналуы мүмкін. Жүйеге заңсыз кіру немесе ішкі қызметкер мәліметтерін пайдалану арқылы агрессор жәбірленушінің жаңа орналасу деректерін иемденген жағдайда цифрлық тіркеу актісінің өзі қорғау мақсатына қарама-қарсы әсер тудырады. Тиісінше, мәселе қол жеткізу контурының техникалық деңгейінде емес, оны реттейтін институционалдық тәртіпте шоғырланған. Австралияның Виктория штатындағы FVISS жүйесі осы тәуекелді институционалдық деңгейде басқаруға бағытталған: онда деректер алмасу автоматты процесс ретінде емес, нақты

заңдық негіз, нақты мақсат пен нақты алушы бекітілген жекелеген сұрау ретінде жүзеге асырылады [32]. Қосымша түрде MARAM шеңбері әр ведомствоның деректермен жұмыс істеу шегін формальды түрде регламенттейді – полиция қызметі үшін бір ақпарат көлемі, әлеуметтік қызмет үшін басқа, баспана әкімшілігі үшін өзге көлем айқындалған [33]. Қазақстан жағдайында цифрлық-құқықтық сүйемелдеу ұқсас принципке негізделуге тиіс: ақпарат алмасу техникалық мүмкіндік емес, заңмен реттелетін рұқсат негізінде ғана жүзеге асырылады [2], [11], [22].

Жүйенің тиімділігін өлшеу әдістемесі де қайта қаралуды талап етеді. Дәстүрлі есептілік тіркелген өтініштер мен қабылданған қоңыраулар санымен шектеледі; нәтижелік көрсеткіштер бұл деректерден тыс жатыр және қорғау шарасының тағайындалғанын, қажетті көмекке бағыттаудың жүзеге асырылғанын және белгілі уақыт өткеннен кейін қайта байланыстың сақталғанын қамтиды. UNODC-тың тиімді полициялық жауап беру нұсқаулығы дәл осындай нәтижелік көрсеткіштерді халықаралық стандарт ретінде ұсынады [24]. Демек, өлшеу пәні – тіркеу фактісі емес, қауіптің төмендегеніне қатысты дәлелдік база.

Осы кіші бөлімде құрбандарды қорғаудың цифрлық-құқықтық сүйемелдеу тәсілі теориялық тұрғыдан негізделді. Тәсілдің мақсаты, ішкі логикасы мен маршруттық құрылымы, тәуекелді бағалаудың рөлі, ведомствоаралық бағыттау тәртібі мен деректер қауіпсіздігі талаптары айқындалды. Келесі бөлім осы тәсілді қолданбалы модель деңгейінде нақтылауға арналады.

2 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға цифрлық технологияларды енгізудің практикалық моделі

2.1 Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын қорғаудың цифрлық-құқықтық маршруты

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында құрбанды қорғау оқиғаға жедел әрекет етумен шектелмейді. Құқық қорғау органының функциясы хабарламаны тіркеу сатысында аяқталмайды; одан кейінгі қауіпсіздік шараларының бірізді іске қосылуы да оның құзыретіне жатады. Осы бөлімде құрбандарды қорғаудың алдыңғы бөлімде негізделген цифрлық-құқықтық сүйемелдеу тәсілі қолданбалы маршрут түрінде нақтыланады.

1.2-кіші бөлімде көрсетілгендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлама әртүрлі арна арқылы түсуі мүмкін. Оларға 102 нөмірі, qamqor.gov.kz порталы, 111 байланыс орталығы және Police 102 қосымшасы жатады [3], [4], [5], [17]. Бұл арналардың қызметі бірдей емес. 102 нөмірі көбіне жедел қоңырау үшін қолданылады, qamqor.gov.kz арқылы онлайн өтініш беріледі, 111 байланыс орталығы кеңес беру мен бағыттауға көбірек арналған, ал Police 102 қосымшасындағы SOS тетігі шұғыл жағдайда үнсіз сигнал жіберуге мүмкіндік береді. Соған қарамастан, бұл арналардың бәрі бір мәселеге келіп тіреледі. Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы сигнал түссе, ол жай ғана ақпарат ретінде қалып қоймауы керек. Сол сәттен бастап өтінішті тіркеу, жағдайды бастапқы бағалау және қажет болған жағдайда қорғау шараларын қолдану тәртібі басталуға тиіс. Цифрлық құрал бұл ретте құқықтық шешімді алмастырмайды, ол шешім қабылдау процесінің сабақтастығын қамтамасыз етеді: процессуалдық әрекеттер тізбекте жоғалмайды, әр сатыда жауапты қызметкер бекітіледі, қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынады. Маршруттың түпкі мақсаты құрбанның қауіпсіздігінің алғашқы хабарламадан кейінгі сатыларда да процессуалдық назарда сақталуын қамтамасыз ету.

Маршруттың құқықтық шеңбері үш топ нормативтік талаппен айқындалады. Біріншісі өтінішті қабылдау міндеттілігіне қатысты: 1.1-кіші бөлімде келтірілген заңнамаға сәйкес полицияның өтінішті қабылдаудан бас тартуы тыйым салынған [13], [14], [15]. Екіншісі дербес деректерді қорғаудың арнайы режимін қамтиды: жеке өмірге қатысты, тұрғылықты жер, байланыс және геолокация мәліметтері заңмен бекітілген қосымша қорғау тәртібіне жатады [2], [11], [12]. Үшіншісі ақпараттық жүйелерді пайдаланудың қауіпсіздік талаптарын қамтиды [22]. Осы талаптар бір мезгілде сақталуы цифрлық технологияны қорғаудың құқықтық кепілі деңгейіне жеткізеді.

Цифрлық сүйемелдеу маршруты тек тіркеуге сүйенген жүйенің кемшіліктерін жоюға бағытталған: тек тіркеумен шектелген жүйеде кейінгі қауіпсіздік бақылаусыз қалады, ал қайталанған шақырту бұрынғы оқиғадан үзілген күйде өңделеді. Бұл әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанатын сипаты жағдайында өзекті. Сондықтан маршрут тіркеу және қорғау шарасын қолдану функцияларын бір тізбекте біріктіреді.

Маршруттың алғашқы сатысы хабарламаны қабылдауды қамтиды. Әр арна өзіне тән технологиялық сипатпен жұмыс істегенімен, олардың процессуалдық рөлі ортақ: барлығы маршруттың кейінгі қадамдарын іске қосады. 1.2-кіші бөлімде көрсетілгендей, бір ғана оқиға бойынша бірнеше арнадан түскен мәліметтер автоматты түрде шоғырландырылмайды; маршрутта бұл олқылық тіркеу сатысының өзінде шешіледі, өйткені әр арнадан түскен ақпарат бір ортақ кейс шеңберінде байланыстырылады. Маршрут осы орайда жаңа платформа құруды көздемейді, қазіргі арналар архитектурасын сақтай отырып, олардың арасында бірыңғай жазба тәртібін орнатады.

Бірыңғай жазба бастапқы сатыда минималды құрамда қалыптастырылады: оқиғаның негізгі мән-жайлары, жүгіну арнасы, тараптар туралы базалық мәліметтер, балалардың қатысуы туралы белгі, алғашқы шешім мен жауапты қызметкер ([2], [11] нормалары негізінде). Артық мәліметтердің жиналуы өз кезегінде құқықтық тәуекел көзіне айналады, өйткені қажетті шектен тыс ақпараттың кез келген сыртқа шығу жолы құрбанға қарсы пайдаланылу ықтималдығын тудырады.

Келесі саты шұғылдықты бағалау мен оқиға орнына наряд жіберуді қамтиды. SOS тетігі іске қосылған жағдайда оператор алатын деректердің құрамы, яғни сәйкестендіру мәліметтері мен геолокация, автопатрульді нақты бағыттауға арналған [17]. Геолокацияны және өзге де деректерді сақтау, беру мен қолжетімділік тәртібі қатаң регламентпен шектеледі: маршрутта әр субъектіге берілетін ақпарат көлемі оның функционалдық қажеттілігімен сәйкестендіріледі [2], [11], [22]. Кезекші бөлім операторының функциясы үшін оқиға фактісі мен мекенжайы жеткілікті болса, есепке алу қызметкеріне геолокация немесе жеке деректер берілмейді.

Оқиға орнына шыққан қызметкер құрбанның қауіпсіздік жағдайын бастапқы бағалайды. Бағалау стандартталған параметрлер бойынша жүргізіледі: құрбанның ағымдағы орналасуының қауіпсіздігі, құқық бұзушы тарапынан тікелей қауіптің деңгейі, балалардың қауіпсіздік жағдайы. Бағалау нәтижесі кейінгі шешімдердің мазмұнын айқындайды. Тікелей қауіп деңгейі тіркелген жағдайда қорғау нұсқамасы дереу шығарылады; балалардың куәгер болуы анықталса, бала құқықтарын қорғау органы хабардар етіледі. Бастапқы бағалау сатысы маршруттың кейінгі траекториясын қалыптастыратын шешуші процессуалдық сүзгі функциясын атқарады. Сатылар арасындағы байланыстар 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша құрбанды қорғаудың цифрлық-құқықтық маршрутының кезеңдері

№	Кезең	Не жүзеге асырылады	Жауапты субъект	Цифрлық белгі немесе нәтиже
1	Хабарламаны қабылдау және тіркеу	102, qamqor.gov.kz, 111 немесе SOS арқылы түскен	Кезекші бөлім, оператор	Бір оқиға бойынша цифрлық жазба ашылады

Кесте 3 жалғасы

		хабарлама қабылданады		
2	Шұғылдықты бағалау	Қауіптің жеделдігі, наряд жіберу қажеттілігі белгіленеді	Кезекші бөлім	Наряд жіберу туралы белгі енгізіледі
3	Оқиға орнындағы бастапқы анықтау	Құрбанның қауіпсіздігі, құқық бұзушының жағдайы, балалардың бар-жоғы анықталады	Патруль, учаскелік инспектор	Қысқа қызметтік жазба қалыптастырылады
4	Қауіп деңгейін бастапқы бағалау	Қайталану қаупі және шұғыл қорғау қажеттілігі бағаланады	Оқиға орнындағы қызметкер	Қауіп деңгейі белгіленеді
5	Қорғау шарасына жеткізу	Қорғау нұсқамасы немесе өзге құқықтық шара қолдану мәселесі шешіледі	Полиция қызметкері	Қабылданған шешімнің мәртебесі көрсетіледі
6	Қолдау қызметіне бағыттау	Дағдарыс орталығы, әлеуметтік немесе психологиялық көмекке жолдау қарастырылады	Полиция, әлеуметтік қызмет	Бағыттау туралы белгі енгізіледі
7	Қайта байланыс және бақылау	Құрбанмен байланыс мерзімі, қорғау шарасының орындалуы тексеріледі	Учаскелік инспектор, жауапты қызметкер	Бақылау күні және нәтижесі тіркеледі

Бастапқы бағалау маршруттың түйінді сатыларының бірін құрайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанатын сипатын ескере отырып, әр хабарлама дербес оқиға ретінде ғана емес, болашақ тәуекелдің көрсеткіші ретінде де өңделуге тиіс [29], [30]. Учаскелік инспектордың тәжірибесінде бір отбасы бойынша жыл ішінде бірнеше хабарламаның тіркелуі сирек жағдай емес; осындай хабарламалардың бірыңғай кейсте шоғырландырылмауы қайталану үрдісін статистикалық тұрғыдан көрмеуге және кейінгі бақылауды жүйесіз ұйымдастыруға алып келеді. Сондықтан бағалау нәтижесі жазбада тәуекел деңгейі, бақылау мерзімі мен оны қамтамасыз ететін субъект көрсеткіштерімен бекітіледі [1].

Қорғау шарасының қолданылуы маршруттың құқықтық өзегін құрайды. Полиция нарядының оқиға орнына шығуы оқиғаны процессуалдық тіркеу деңгейінде шешеді, бірақ қайталану қаупін өздігінен жоймайды. Тиісінше, маршрут қорғау нұсқамасының шығарылуын, оның орындалуы мен бақылауға жатқызылуын процессуалдық міндетті элементтер ретінде белгілейді: тиісті жазба қабылданған шешімнің мазмұнын, шығарушы субъектіні, орындау мерзімін және кейінгі бақылау үшін жауапты тұлғаны қамтиды [1].

Қорғау тек құқық қорғау құзыретімен шектелмейді. Маршрутта көзделген кейстерде дағдарыс орталықтарының ресурсы қосылады – әлеуметтік, психологиялық және медициналық қолдау, қажет болғанда уақытша орналастыру [10]. Бағыттау сатысы дербес деректер айналымының арнайы режимін талап етеді. Полиция сүйемелдеуші қызметтерге құрбанмен жұмыс істеу үшін қажет ақпаратты ғана береді (байланыс деректері, балалардың қатысуы туралы белгі), ал құқық бұзушыға қатысты қызметтік материал бұл арна арқылы таратылмайды. Осы тәртіп қорғау функциясы мен жеке өмірге қол сұқпаушылық режимінің құқықтық сәйкестігін қамтамасыз етеді [2], [11], [12].

Маршруттың аяқтаушы сатысы бақылау мен қайта байланысты қамтиды. 1.1-кіші бөлімде көрсетілгендей, бір реттік ден қою профилактикалық жұмыстың аяқталғанын білдірмейді; осы сатының рәсімдік параметрлері (қайта байланыс мерзімі, шара орындалуын тексеру тәртібі, тәуекел деңгейінің өзгеруін қадағалау) алдын ала айқындалуға тиіс [1], [31]. Бұған қоса, бұрынғы жүгіну тарихы жаңа хабарламаны бағалау контекстіне енгізіледі: бұрын тіркелген эпизодтар бірыңғай кейс шеңберінде қаралған жағдайда жаңа жағдай жекелеген оқиға ретінде емес, дамып келе жатқан тәуекелдің кезекті көрінісі ретінде өңделеді.

Сипатталған үш сатының өзара байланысы маршруттың практикалық тиімділігінің құқықтық алғышартын құрайды.

2.2 Құқық қорғау органдарының цифрлық сүйемелдеу алгоритмі және дербес деректерді қорғау шарттары

Алдыңғы бөлімде тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында құрбанды қорғаудың цифрлық-құқықтық маршруты концептуалды деңгейде сипатталды. Осы бөлім сол маршруттың құқық қорғау органы ішіндегі қызметтік-ұйымдастырушылық жобасын ұсынады: маршрут сатылары бойынша құзыреттің лауазымдық субъектілер арасында қалай бөлінетіні, бір субъектіден екіншісіне берілу нүктелері қалай айқындалатыны және әр сатыдағы құжаттық тіркелім қалай қалыптастырылатыны қарастырылады.

Ұсынылатын алгоритм қолданыстағы ақпараттық инфрақұрылым шеңберінде жұмыс істейді және үш функционалдық қағидаға негізделеді. Біріншісі әр процессуалдық шешімнің цифрлық тіркелімін көздейді (шешімнің мазмұны, оны қабылдаған субъект, қабылдану уақыты, орындау мерзімі мен бақылауға жауапты тұлға бойынша). Екіншісі субъектілер арасындағы беру нүктелерінің формальды бекітілуіне қатысты: маршрут бойынша өту жауапты

қызметкердің ауысуымен байланысты болғандықтан, әр беру актісі тіркелімдегі статус өзгерісі арқылы жүзеге асырылады. Үшіншісі әр субъектінің қол жеткізетін деректер көлемін оның лауазымдық міндетімен шектеу талабын білдіреді ([2], [11] нормаларына сай).

Бірінші саты, яғни хабарламаны қабылдау және оны бар кейстермен сәйкестендіру, кезекші бөлім операторының құзыретіне жатады. Оператор хабарлама түскен арнаны (102, qamqor.gov.kz, 111 немесе Police 102), оқиғаның бастапқы мән-жайларын және тараптар туралы базалық деректерді тіркейді [3], [4], [5], [17]. Сәйкестендіру функциясы осы сатыда жүзеге асырылады: жүйеде сол құрбан немесе сол құқық бұзушы бойынша бұрын тіркелген кейс болған жағдайда жаңа хабарлама дербес жазба ретінде емес, тиісті кейстің кезекті эпизоды ретінде қосылады. Бұл функция бірыңғай жазба тәртібіне сүйенеді (1.2-кіші бөлімде сипатталған).

Екінші сатыда қауіптің бастапқы деңгейі айқындалады. Бұл міндет оқиға орнына шыққан полиция нарядына жүктеледі. Бағалау алдын ала белгіленген тәуекел индикаторлары бойынша жүргізіледі. Оған құқық бұзушының оқиға орнындағы мінез-құлқы мен статусы, бұрын осындай жағдайлардың тіркелуі, балалардың қатысуы, сондай-ақ жәбірленушіні қауіпсіз жерге орналастыру мүмкіндігі кіреді [29], [30]. Бағалау нәтижесінде тәуекел деңгейі тіркелімде сандық балл немесе деңгейлік белгі арқылы көрсетіледі. Кейін осы белгі қорғау шарасын таңдау кезінде ескеріледі.

Үшінші сатыда процессуалдық шешім қабылданып, ол цифрлық түрде тіркеледі. Мұндай шешімді қорғау нұсқамасын шығаруға құзыретті лауазымды тұлға қабылдайды. Шешім тіркелімге енгізілген кезде оның негізгі деректері көрсетіледі: мазмұны, шығарған субъект, шығарылған уақыты, орындау мерзімі және бақылауға жауапты тұлға [1]. Осы мәліметтер кейін қорғау шарасының нақты орындалуын тексеруге мүмкіндік береді. Шешім қабылданғаннан кейін осы оқиға бойынша тіркелімдегі мәртебе өзгереді, ал одан әрі бақылау учаскелік инспекторға немесе басқа құзыретті субъектіге беріледі.

Келесіде қолдау қызметтеріне бағыттаумен байланысты. Бұл жерде негізгі рөлді учаскелік инспектор атқарады. Жәбірленуші нақты жағдайына қарай дағдарыс орталығына, әлеуметтік қызметке немесе психологиялық көмек көрсету ұйымына жіберілуі мүмкін. Бағыттау кезінде қандай ұйымға жіберілгені және қандай көлемдегі ақпарат берілетіні нақты көрсетіледі. Алушы тарапқа оның нақты міндетін орындауға қажет мәлімет қана беріледі [2], [10]-[12]. Бағыттау туралы жазба тіркелімде бөлек сақталады. Кейін қайта байланыс кезінде осы жазба арқылы көмектің іс жүзінде көрсетілгенін тексеруге болады.

Бесінші кезеңде қайта байланыс жасалып, қабылданған шаралардың орындалуы тексеріледі. Бұл кезде учаскелік инспектор қорғау нұсқамасының орындалуы, тәуекел деңгейінің өзгеруі және қолдау қызметтерінен түскен ақпарат бойынша мәліметтерді тіркейді [1], [31]. Іс осы мәліметтер толық енгізілгеннен кейін ғана жабылған деп есептелуі тиіс. Бұл талап ақпараттың келесі әрекетке негіз болмай қалуын болдырмау және құрбанды сүйемелдеу процесін аяқсыз қалдырмау үшін қажет.

Сатылар мен жауапты субъектілердің арақатынасы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 - Құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі бойынша цифрлық сүйемелдеу алгоритмі

№	Алгоритм кезеңі	Қызметтік әрекет	Цифрлық белгі	Практикалық мәні
1	Хабарламаны сәйкестендіру	Түскен хабарламаның бұрынғы жүгінулермен байланысы тексеріледі	Бір оқиға бойынша жазба немесе бұрынғы жазбамен байланыс белгісі	Қайталану қаупін байқауға мүмкіндік береді
2	Бастапқы қауіп деңгейін бағалау	Құрбанға, балаларға және құқық бұзушыға қатысты негізгі қауіп белгілері анықталады	Қауіп деңгейі туралы қысқа белгі	Қорғау шарасының қажеттілігін айқындайды
3	Құқықтық шешімді бекіту	Қорғау нұсқамасы немесе өзге шара қолдану мәселесі шешіледі	Шешімнің мәртебесі, мерзімі, жауапты тұлға	Қабылданған шешімнің орындалуын бақылауға жағдай жасайды
4	Қолдау қызметіне бағыттау	Дағдарыс орталығы, әлеуметтік қызмет, психолог немесе медицина ұйымымен байланыс қарастырылады	Бағыттау белгісі және қажетті минимум дерек	Құрбанның полициядан кейінгі қолдау жүйесіне қосылуын қамтамасыз етеді
5	Қайта байланыс орнату	Құрбанмен кейінгі байланыс күні белгіленеді	Қайта байланыс күні	Құрбанның жағдайы бақылаусыз қалмайды
6	Қорғау шарасын тексеру	Құқық бұзушының шектеулерді сақтауы және қауіп деңгейінің өзгеруі бағаланады	Бақылау нәтижесі	Профилактикалық жұмыстың нақты нәтижесін көруге мүмкіндік береді

Кесте 4 жалғасы

7	Қорытынды мәртебе беру	Оқиға бойынша жүргізілген әрекеттер жинақталады	«Ашық», «бақылауда», «аяқталды» деген мәртебе	Жауапкершіліктің шашырамауын қамтамасыз етеді

Алгоритмнің функционалдық рөлі қызметкердің процессуалдық қалауын автоматтандырумен шектелмейтіні бұрын жобаның жалпы құрылымы тұрғысынан негізделген. Қолданбалы деңгейде бұл талап нақты қызметтік міндетке аударылады: алгоритм процессуалдық шешімнің мазмұнын емес, оның реттілігі мен бекітілу тәртібін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, цифрлық сүйемелдеудің құқықтық шеңбері 1.1-кіші бөлімде сипатталған дербес деректерді қорғау режимімен айқындалған. Тұрмыстық зорлық-зомбылық кейстерінде өңделетін ақпарат массиві контактілік, тұрмыстық, медициналық, психологиялық және отбасылық сипаттағы деректерді қамтиды; «қажетті минимум» қағидасы әр субъектінің қол жеткізетін көлемін оның лауазымдық міндетімен сәйкестендіруді талап етеді [2], [11].

Маршрутқа қатысатын субъектілер арасында мәліметтерге қол жеткізудің рұқсат етілген көлемі мынадай түрде сараланады. Полиция қызметкері үшін рұқсат етілген контурға оқиға орны мен оған байланысты процессуалдық деректер, құқық бұзушы туралы тіркеу мәліметтері, тіркелген тәуекел деңгейі және қабылданған қорғау шарасының мәртебесі кіреді. Дағдарыс орталығына берілетін деректер құрбанмен жұмыс істеу функциясымен шектеледі, яғни байланыс деректері мен қолдау түрін анықтауға қажетті жалпы сипаттама беріледі; құқық бұзушыға қатысты процессуалдық материал бұл арнаға тыйым салынған контурда қалады. Психологиялық сүйемелдеу маманының қол жеткізуі құрбанның эмоционалдық жағдайын бағалауға қажетті ауқыммен айқындалады және құқық бұзушыға қатысты материалдан бөлектендіріледі.

Ақпараттық жүйенің әкімшілендіру функциясын атқаратын субъектіге қол жеткізу режимі өзге субъектілерден сапасы бойынша өзгеше: ол кейстің мазмұндық деректеріне емес, қолжетімділік журналдары мен жүйенің техникалық қауіпсіздік параметрлеріне ғана таралады. Осы жағдайда мазмұндық бөлік пен техникалық бөліктің принципті бөлінуі деректер айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосымша құрылымдық кепілдік ретінде жұмыс істейді.

Көрсетілген қол жеткізу контурларының егжей-тегжейлі бөлінісі 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5 – Цифрлық сүйемелдеу кезінде «қажетті минимум» қағидасын қолдану үлгісі

Субъект	Қажет болуы мүмкін дерек	Мақсаты	Шектеу
Полиция қызметкері	Оқиға орны, құрбанмен байланыс, құқық бұзушы туралы негізгі мәлімет, қауіп деңгейі	Жедел әрекет ету және қорғау шарасын қолдану	Оқиғаға қатысы жоқ жеке мәліметтер берілмейді
Учаскелік инспектор	Қорғау нұсқамасының мәртебесі, қайта байланыс күні, бұрынғы жүгіну белгілері	Кейінгі бақылау және профилактика	Құрбанның жеке өміріне қатысты артық мәліметтерге қолжетімділік шектеледі
Дағдарыс орталығы	Байланыс нөмірі, қауіпсіз жеткізу қажеттілігі, балалардың бар-жоғы, көмек түрі	Орналастыру және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету	Қылмыстық-құқықтық материалдардың толық көлемі берілмейді
Психолог	Эмоционалдық жағдай, қауіп сезімі, кеңес беру қажеттілігі	Психологиялық қолдау көрсету	Құқық бұзушыға қатысты толық қызметтік деректер қажет емес
Әлеуметтік қызметкер	Әлеуметтік жағдай, балалардың қажеттілігі, тұрмыстық көмекке мұқтаждық	Әлеуметтік сүйемелдеу ұйымдастыру	Тек әлеуметтік көмекке қатысы бар деректер беріледі
Медицина қызметкері	Жарақат сипаты, медициналық көмек қажеттілігі	Медициналық көмек көрсету	Медициналық деректер басқа субъектілерге негізсіз берілмейді
Ақпараттық жүйе әкімшісі	Қолжетімділік уақыты, пайдаланушы әрекеттері, техникалық журналдар	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Мазмұндық деректерге қолжетімділік шектеледі

Кестеде көрсетілген қол жеткізу контурларының практикалық мәні цифрландырудың деректер айналымын кеңейту емес, оны рөлдік шектеу

режиміне отырғызу екендігінде. Осы режим қол жеткізудің техникалық параметрлерінен басқа, оның қадағалану тәртібімен де қамтамасыз етіледі: жүйеде әрбір қол жеткізу актісі (қол жеткізген субъект, уақыты, мақсаты) журналдалады және қажет болған жағдайда қызметтік тексеру үшін пайдаланылады. Журналдау функциясы техникалық қауіпсіздік шарасы ретінде ғана емес, дербес деректерді өңдеудің заңсыздығын немесе негізсіздігін кейіннен дәлелдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құқықтық тетік ретінде маңызды [2], [11].

Аналитикалық қабат деңгейінде Қазақстан Республикасында қолданысқа енгізілген «Отбасының цифрлық картасы» цифрлық платформасының рөлі 1.3-кіші бөлімде сипатталған. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қызметтік маршрут шеңберінде ол оқиға карточкасының функциясын алмастырмайды; алайда тіркелген кейс негізінде құрбанға әлеуметтік қолдау бағыттарын нақтылау үшін аналитикалық дереккөз ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл пайдалану «қажетті минимум» қағидасы шеңберінде және тиісті субъектінің лауазымдық өкілеттігі шегінде жүзеге асырылады [16], [17].

Ұсынылып отырған алгоритмнің тиімділігі бірқатар ұйымдастырушылық шарттың сақталуына байланысты. Бірінші топ шарттары кейс деңгейінде орындалады: әр оқиға бойынша жауапты тұлғаның бекітілуі мен қайта байланыс мерзімінің қызметтік тәртіппен айқындалуы. Екінші топ деректер айналымына қатысты: қорғау шарасының орындалуы цифрлық тіркелім негізінде бақыланады, әр субъектінің қол жеткізу көлемі лауазымдық міндетімен сәйкестендіріледі, ал журналдау тәртібі жоғарыда көрсетілген рәсімге сай ұйымдастырылады. Осы шарттардың сақталуы цифрлық сүйемелдеуді ұйымдастырушылық тетіктен оны заңды құқық қорғау функциясының құрамдас бөлігіне айналдырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау жүйесін цифрландырудың құқықтық мәні жаңа ақпараттық сервистерді енгізуде емес, бар арналарды біртұтас қызметтік процеске айналдыруда жатыр. Жобада осы процесс «цифрлық-құқықтық сүйемелдеу» тәсілі ретінде тұжырымдалып, тіркеу сатысынан қорғау шарасының орындалуын тексеруге дейінгі қызметтік маршрут түрінде нақтыланды.

Жобаның концептуалды негізі екі құқықтық режимнің сәйкестендірілуіне сүйенеді. Бір жағынан, өтінішті қабылдау мен қорғау шараларын қолданудың міндеттілігі қамтамасыз етіледі. Екінші жағынан, осы процесс шеңберінде өңделетін дербес деректер айналымы лауазымдық міндетпен сәйкестендірілген рұқсат режимінде ұйымдастырылады. Осы екі режимнің байланысты болуы цифрлық сүйемелдеуді жекелеген техникалық шара деңгейінен заңды құқық қорғау қызметінің құрамдас бөлігі деңгейіне көтереді.

Жобаның қолданбалы бөлігі осы тәсілді нақты қызметтік құралдар жиынтығы ретінде ұсынады: маршруттың кезеңдерін біртұтас жазбада ұстайтын оқиға карточкасы, қайталану қаупін бағалауға арналған тәуекел матрицасы, ведомствоаралық деректер айналымының рұқсат етілген контурын белгілейтін схема және кезекші бөлім мен учаскелік инспектор үшін әзірленген рәсімдік чек-парақтар. Аталған құралдар бір-бірімен функционалдық тұрғыдан байланысқан және құқық қолданушы үшін қарапайым форматта ұсынылған, бұл оларды күнделікті қызметке, сондай-ақ кәсіби даярлық жұмысына енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жобаның тұжырымдамалық шектеулері бірқатар нормативтік талаптардан туындайды. Цифрлық құрал процессуалдық шешімнің мазмұнын алмастырмайды; ол шешімнің реттілігі мен бекітілу тәртібін қамтамасыз ете отырып, жауапкершілікті лауазымды тұлғаға қалдырады. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл регламенттері, қол жеткізу матрицасы мен қызметкерлерге арналған нұсқаулықтар тұрақты түрде өзектендіріліп отырғанда ғана цифрлық сүйемелдеудің практикалық тиімділігі сақталады.

Жобаның негізгі нәтижесі тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауды цифрландырудың қолданбалы моделі ретінде сипатталады. Бұл модель қызмет көрсету процесінің тұтастығын қамтамасыз етуге, жәбірленушінің құқықтары мен дербес деректерін бір мезгілде қорғауға және ведомствоаралық сабақтастықты лауазымдық міндеттер шеңберінде ұйымдастыруға бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245 (жүгінген күні: 26.05.2026).
2. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094 (жүгінген күні: 18.05.2026).
3. Қазақстандықтар «102» мобильді қосымшасы арқылы полицияға жүгіне алады. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda/press/news/details/154718 (жүгінген күні: 06.04.2026).
4. Полицияға онлайн қалай өтініш беру керек. Qamqor сервисінің функционалы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://egov.kz/cms/kk/articles/legal_relations/zayavlenie_v_policiuy (жүгінген күні: 09.04.2026).
5. 111 байланыс орталығының қызметі. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/situations/677/1457 (жүгінген күні: 12.04.2026).
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy (жүгінген күні: 14.04.2026).
7. 2026 жылғы 20 сәуірде Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өткізілді. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/koordinaciya-profilaktiki/press/news/details/1207279 (жүгінген күні: 23.04.2026).
8. Тұрмыстық зорлық-зомбылық 20% азайған. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://khabar.kz/kk/news/kogam/180175-turmystykh-zorlykhzombylykh-20protsent-azaigan (жүгінген күні: 16.04.2026).
9. Соңғы жарты жылда 742 зорлық-зомбылық әрекеті тіркелді. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://qazaqstan.tv/news/220339 (жүгінген күні: 17.04.2026).
10. Дағдарыс орталықтары. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/situations/677/1396 (жүгінген күні: 19.04.2026).
11. «Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қазанда № 21498 болып тіркелді. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021498 (жүгінген күні: 20.05.2026).
12. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрондық ресурс] –

Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000 (жүгінген күні: 22.05.2026).
13. Тұрмыстық зорлық-зомбылық болған жағдайда не істеу керек? [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/situations/677/1395 (жүгінген күні: 21.04.2026).
14. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350 (жүгінген күні: 24.04.2026).
15. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Кодексі. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231 (жүгінген күні: 25.04.2026).
16. Қатайған заң зорлық-зомбылықты азайтады. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12801 (жүгінген күні: 28.04.2026).
17. Кнопка «SOS» — экстренная помощь для жертв бытового насилия. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://polisia.kz/ru/knopka-sos-ekstrennaya-pomoshh-dlya-zhertv-bytovogo-nasiliya/ (жүгінген күні: 30.04.2026).
18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000072 (жүгінген күні: 02.05.2026).
19. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 73-VIII ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000073 (жүгінген күні: 04.05.2026).
20. ҚР «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заңының күшіне енгеніне бір жыл: не өзгерді? [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1028745 (жүгінген күні: 06.05.2026).
21. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заң күшіне енгеніне бір жыл: алғашқы нәтижелер мен нақты өзгерістер. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/1019239 (жүгінген күні: 08.05.2026).
22. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Заңы. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418 (жүгінген күні: 10.05.2026).

23. Жыл басынан бері Отбасының цифрлық картасы арқылы 221,6 мың адамға SMS-хабарлама жолданды. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/1015843?lang=kk (жүгінген күні: 12.05.2026).
24. UNODC. Handbook on Effective Police Responses to Violence against Women. Criminal Justice Handbook Series. New York: United Nations, 2010. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.unodc.org/documents/justice-and-prison-reform/Handbook_on_Effective_police_responses_to_violence_against_women_English.pdf (жүгінген күні: 14.05.2026).
25. Essential Services Package for Women and Girls Subject to Violence. Module 3: Justice and Policing. UN Women, UNFPA, WHO, UNDP, UNODC, 2015. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.unwomen.org/sites/default/files/Headquarters/Attachments/Sections/Library/Publications/2015/Essential-Services-Package-Module-3-en.pdf (жүгінген күні: 15.05.2026).
26. Office on Violence Against Women. Resource Guide for Addressing the Intersection of Domestic Violence and Firearms. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.justice.gov/ovw/announcements (жүгінген күні: 16.05.2026).
27. UNODC. Training Curriculum on Effective Police Responses to Violence against Women. New York: United Nations, 2010. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.unodc.org/pdf/criminal_justice/Training_Curriculum_on_Effective_Police_Responses_to_Violence_against_Women.pdf (жүгінген күні: 18.05.2026).
28. Risk-led policing of domestic abuse and the DASH risk model. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://library.college.police.uk/docs/college-of-policing/Risk-led-policing-2-2016.pdf (жүгінген күні: 19.05.2026).
29. EIGE. A guide to risk assessment and risk management of intimate partner violence against women for police. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://eige.europa.eu/publications-resources/publications/guide-risk-assessment-and-risk-management-intimate-partner-violence-against-women-police (жүгінген күні: 21.05.2026).
30. Dash & DARA — working together on multi-agency risk assessment Q&A. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://safelives.org.uk/wp-content/uploads/DashandDARAQA.pdf (жүгінген күні: 22.05.2026).
31. Domestic Abuse Act 2021: Statutory Guidance. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://assets.publishing.service.gov.uk/media/62c6df068fa8f54e855dfe31/Domestic_Abuse_Act_2021_Statutory_Guidance.pdf (жүгінген күні: 23.05.2026).
32. Family Violence Information Sharing Scheme and Privacy. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://ovic.vic.gov.au/privacy/resources-for-organisations/family-violence-information-sharing-scheme-and-privacy/ (жүгінген күні: 24.05.2026).

33. Family Violence Multi-Agency Risk Assessment and Management Framework. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: https://www.health.vic.gov.au/health-workforce/family-violence-multi-agency-risk-assessment-and-management-framework (жүгінген күні: 26.05.2026).

ҚОСЫМША 1

Сурет – Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың цифрлық қауіпсіздік маршрутының моделі



Кесте – Цифрлық қауіпсіздік маршруты кезеңдерінің қызметтік мазмұны

№	Кезең	Қызметтік мазмұны	Жауапты субъект	Цифрлық нәтиже
1	Хабарламаны қабылдау	102, 111, qamqor.gov.kz немесе SOS арқылы түскен хабарлама қабылданады	оператор, кезекші бөлім	хабарлама тіркеледі
2	Бірыңғай жазба қалыптастыру	бір оқиға бойынша қызметтік жазба ашылады	полиция	цифрлық жазба қалыптасады
3	Қауіпті бағалау	жәбірленушіге, балаларға және құқық бұзушыға қатысты бастапқы қауіп анықталады	полиция қызметкері	қауіп деңгейі белгіленеді

4	Қорғау шарасын қолдану	қорғау нұсқамасы немесе өзге құқықтық шара қабылданады	полиция	шешім мәртебесі енгізіледі
5	Қолдау қызметіне бағыттау	дағдарыс орталығы, әлеуметтік немесе психологиялық көмекке жолдау қарастырылады	полиция, әлеуметтік қызмет	бағыттау белгісі қойылады
6	Қайта байланыс және бақылау	жәбірленушімен қайта байланыс мерзімі және жауапты тұлға белгіленеді	учаскелік инспектор	бақылау күні тіркеледі
7	Орындалуын тексеру	қабылданған қорғау шараларының нақты орындалуы бағаланады	жауапты қызметкер	бақылау нәтижесі көрсетіледі


ҚОСЫМША 2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ АЛГОРИТМІ

Қосшы қаласы 2026 жыл

Алгоритмнің басты ерекшелігі құқықтық шешім мен цифрлық әрекеттің бір-бірінен ажыратылмауында. Қорғау нұсқамасын шығару, қауіп деңгейін бағалау, дағдарыс орталығына бағыттау немесе құрбанмен қайта байланыс жасау тек қағаз жүзіндегі әрекет болып қалмауы тиіс. Әрбір шешімнің цифрлық ізі болады: кім қабылдады, қашан қабылдады, қандай негізде қабылдады, қандай мерзімде орындалуы керек және кейінгі бақылауға кім жауап береді. Осындай байланыс болмаса, цифрландыру тек мәлімет жинау деңгейінде қалып, құрбанның нақты қауіпсіздігіне әсер етпейді.



1-КЕЗЕҢ

Алгоритмнің бірінші кезеңі түскен хабарламаны сәйкестендіру және бір оқиға шеңберінде байланыстыру. Құрбан әртүрлі арна арқылы бірнеше рет жүгінуі мүмкін. Мысалы, жұма күні таңертең 102-ге қоңырау шалып, түсте 111 байланыс орталығына хабарласып, сейсенбіде qamqor.gov.kz арқылы жазбаша өтініш қалдыруы ықтимал. Мұндай жағдайда әр жүгіну жаңа және бөлек оқиға ретінде емес, бұрынғы жағдаймен байланысы тексеріле отырып қарастырылады. Бұл қайталану қаупін ерте байқауға мүмкіндік береді. Бұрынғы жүгінулер ескерілмесе, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жүйелі сипаты құқық қолдану назарынан тыс қалады.

2-КЕЗЕҢ

Екінші кезең бастапқы қауіп деңгейін белгілеу. Бұл жерде құқық қорғау органы оқиғаның формальды белгілерін емес, құрбанға төнетін нақты қауіптің сипатын анықтайды. Құқық бұзушы оқиға орнында ма, мас күйде ме, бұрын осындай әрекеттер жасаған ба, балаларға тікелей қауіп бар ма, құрбанның қауіпсіз жерге шығу мүмкіндігі бар ма. Осы мәліметтер кейінгі шешімге әсер етеді. Цифрлық алгоритм сұрақтардың ең қажеттілерін қысқа түрде белгілеуге

мүмкіндік береді. Мақсат қызметкерге қосымша бюрократиялық жүк салу емес, маңызды қауіп белгілерінің жоғалмауын қамтамасыз ету.

3-КЕЗЕҢ

Үшінші кезең құқықтық шешімді цифрлық түрде бекіту. Қорғау нұсқамасы шығарылса немесе өзге шара қабылданса, ол шешім оқиға жазбасымен байланыстырылады. Қабылданған шешімнің мәртебесі, мерзімі, орындауға жауапты тұлға және кейінгі тексеру күні көрсетілмесе, шараның нақты орындалуын бақылау қиындайды. Сондықтан цифрлық сүйемелдеу алгоритмінде құқықтық шешімнің өзі ғана емес, оның орындалуын бақылау логикасы да көрініс табады.

4-КЕЗЕҢ

Төртінші кезең құрбанды қолдау қызметтеріне бағыттау. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісінде полицияның әрекеті маңызды, бірақ құрбанның нақты қауіпсіздігі көбіне әлеуметтік, психологиялық, медициналық және құқықтық көмектің уақтылы көрсетілуіне де байланысты. Сондықтан құқық қорғау органы құрбанды дағдарыс орталығына, әлеуметтік қызметке немесе өзге қолдау субъектісіне бағыттау мүмкіндігін бағалайды. Бірақ бағыттау кезінде барлық материалды толық көлемде беру дұрыс емес. Әр субъект өз функциясын орындауға қажетті мәліметтермен шектеледі.

5-КЕЗЕҢ

Бесінші кезең қайта байланыс және кейінгі бақылау. Бұл алгоритмнің ең маңызды бөлігі, өйткені тұрмыстық зорлық-зомбылық көбіне бір реттік оқиға болып аяқталмайды. Учаскелік инспектор қорғау нұсқамасы шығарылған отбасына, мысалы, бір апта ішінде қайта барып, жағдайды тексереді. Қайта байланыс мерзімі белгіленбесе, қорғау нұсқамасының орындалуы тексерілмесе және қауіп деңгейінің өзгеруі назарға алынбаса, бастапқы әрекеттің профилактикалық әсері төмендейді. Цифрлық сүйемелдеу алгоритмі әр оқиға бойынша кемінде үш бақылау элементін қамтиды: жауапты қызметкер, қайта байланыс күні және бақылау нәтижесі. Осы логика 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі бойынша цифрлық сүйемелдеу алгоритмі

№	Алгоритм кезеңі	Қызметтік әрекет	Цифрлық белгі	Практикалық мәні
1	Хабарламаны сәйкестендіру	Түскен хабарламаның бұрынғы жүгінулермен байланысы тексеріледі	Бір оқиға бойынша жазба немесе бұрынғы жазбамен	Қайталану қаупін байқауға мүмкіндік береді

			байланыс белгісі	
2	Бастапқы қауіп деңгейін бағалау	Құрбанға, балаларға және құқық бұзушыға қатысты негізгі қауіп белгілері анықталады	Қауіп деңгейі туралы қысқа белгі	Қорғау шарасының қажеттілігін айқындайды
3	Құқықтық шешімді бекіту	Қорғау нұсқамасы немесе өзге шара қолдану мәселесі шешіледі	Шешімнің мәртебесі, мерзімі, жауапты тұлға	Қабылданған шешімнің орындалуын бақылауға жағдай жасайды
4	Қолдау қызметіне бағыттау	Дағдарыс орталығы, әлеуметтік қызмет, психолог немесе медицина ұйымымен байланыс қарастырылады	Бағыттау белгісі және қажетті минимум дерек	Құрбанның полициядан кейінгі қолдау жүйесіне қосылуын қамтамасыз етеді
5	Қайта байланыс орнату	Құрбанмен кейінгі байланыс күні белгіленеді	Қайта байланыс күні	Құрбанның жағдайы бақылаусыз қалмайды
6	Қорғау шарасын тексеру	Құқық бұзушының шектеулерді сақтауы және қауіп деңгейінің өзгеруі бағаланады	Бақылау нәтижесі	Профилактикалық жұмыстың нақты нәтижесін көруге мүмкіндік береді
7	Қорытынды мәртебе беру	Оқиға бойынша жүргізілген әрекеттер жинақталады	«Ашық», «бақылауда», «аяқталды» деген мәртебе	Жауапкершіліктің шашырамауын қамтамасыз етеді

Алгоритмнің функционалдық рөлі қызметкердің процессуалдық қалауын автоматтандырумен шектелмейтіні бұрын жобаның жалпы құрылымы тұрғысынан негізделген. Қолданбалы деңгейде бұл талап нақты қызметтік міндетке аударылады: алгоритм процессуалдық шешімнің мазмұнын емес, оның реттілігі мен бекітілу тәртібін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, цифрлық сүйемелдеудің құқықтық шеңбері 1.1-кіші бөлімде сипатталған дербес деректерді қорғау режимімен айқындалған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық кейстерінде өңделетін ақпарат массиві контактілік, тұрмыстық, медициналық, психологиялық және отбасылық сипаттағы деректерді қамтиды; «қажетті минимум» қағидасы әр субъектінің қол жеткізетін көлемін оның лауазымдық міндетімен сәйкестендіруді талап етеді [2], [11].

Маршрутқа қатысатын субъектілер арасында мәліметтерге қол жеткізудің рұқсат етілген көлемі мынадай түрде сараланады. Полиция қызметкері үшін рұқсат етілген контурға оқиға орны мен оған байланысты процессуалдық деректер, құқық бұзушы туралы тіркеу мәліметтері, тіркелген тәуекел деңгейі және қабылданған қорғау шарасының мәртебесі кіреді. Дағдарыс орталығына берілетін деректер құрбанмен жұмыс істеу функциясымен шектеледі, яғни байланыс деректері мен қолдау түрін анықтауға қажетті жалпы сипаттама беріледі; құқық бұзушыға қатысты процессуалдық материал бұл арнаға тыйым салынған контурда қалады. Психологиялық сүйемелдеу маманының қол жеткізуі құрбанның эмоционалдық жағдайын бағалауға қажетті ауқыммен айқындалады және құқық бұзушыға қатысты материалдан бөлектендіріледі.

Ақпараттық жүйенің әкімшілендіру функциясын атқаратын субъектіге қол жеткізу режимі өзге субъектілерден сапасы бойынша өзгеше: ол кейстің мазмұндық деректеріне емес, қолжетімділік журналдары мен жүйенің техникалық қауіпсіздік параметрлеріне ғана таралады. Осы жағдайда мазмұндық бөлік пен техникалық бөліктің принципті бөлінуі деректер айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қосымша құрылымдық кепілдік ретінде жұмыс істейді.

Көрсетілген қол жеткізу контурларының егжей-тегжейлі бөлінісі 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Цифрлық сүйемелдеу кезінде «қажетті минимум» қағидасын қолдану үлгісі

Субъект	Қажет болуы мүмкін дерек	Мақсаты	Шектеу
Полиция қызметкері	Оқиға орны, құрбанмен байланыс, құқық бұзушы туралы негізгі мәлімет, қауіп деңгейі	Жедел әрекет ету және қорғау шарасын қолдану	Оқиғаға қатысы жоқ жеке мәліметтер берілмейді
Учаскелік инспектор	Қорғау нұсқамасының мәртебесі, қайта байланыс күні, бұрынғы жүгіну белгілері	Кейінгі бақылау және профилактика	Құрбанның жеке өміріне қатысты артық мәліметтерге қолжетімділік шектеледі

Дағдарыс орталығы	Байланыс нөмірі, қауіпсіз жеткізу қажеттілігі, балалардың бар-жоғы, көмек түрі	Орналастыру және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету	Қылмыстық-құқықтық материалдардың толық көлемі берілмейді
Психолог	Эмоционалдық жағдай, қауіп сезімі, кеңес беру қажеттілігі	Психологиялық қолдау көрсету	Құқық бұзушыға қатысты толық қызметтік деректер қажет емес
Әлеуметтік қызметкер	Әлеуметтік жағдай, балалардың қажеттілігі, тұрмыстық көмекке мұқтаждық	Әлеуметтік сүйемелдеу ұйымдастыру	Тек әлеуметтік көмекке қатысы бар деректер беріледі
Медицина қызметкері	Жарақат сипаты, медициналық көмек қажеттілігі	Медициналық көмек көрсету	Медициналық деректер басқа субъектілерге негізсіз берілмейді
Ақпараттық жүйе әкімшісі	Қолжетімділік уақыты, пайдаланушы әрекеттері, техникалық журналдар	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Мазмұндық деректерге қолжетімділік шектеледі

ҚОСЫМША 3

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы ІІМ
Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқарма бастығы
_____ А.А. Серикбаева
2026 жылғы «__» _____
М.О

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты
Сәдуов Маханбет Ералыұлының
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау бойынша құқық қорғау органдарының қызметіне цифрлық технологияларды енгізу» тақырыбы бойынша зерттеуінің нәтижелерін енгізу актісі

Комиссия құрамы:
төраға — 1) Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Өтепова Галия Мирасовна

және комиссия мүшелері:
2) Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі инспекторы Көшкінбай Айжан Арысбайқызы

3) Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі инспекторы Бейсеналиева Мөлдір Смагуловна

Магистрлік зерттеудің екінші тарауының 2.2-тармағында ұсынылған цифрлық платформаны енгізу тетіктері мен құқық қорғау органдары қызметінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауға арналған құқық қорғау органдарының практикалық қызметіне және оқу процесіне енгізу туралы осы актіні жасады.

Енгізу күні: 2026 жылғы «___» _____

Төраға: 1) _____ (Қолы) Г.М. Өтепова

Комиссия мүшелері: 2) _____ (Қолы) А.А. Көшкінбай

3) _____ (Қолы) М.С. Бейсеналиева